

8D10110-«Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға бағытталған Саруаров Ерболат Ғалымжанұлының «Түркістан қаласы тұрғындарының жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары бойынша қауіптілік көрсеткішіне байланысты өмір сүру сапасының бағалану деңгейі» тақырыбындағы докторлық диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшісінің ПІКІРІ

Денсаулық ұғымына байланысты түсініктің өзгеруі, яғни денсаулықты тек тәннің саулығы емес, сонымен қатар, дененің физикалық және ойдың рухани саулығының қосындысы ретінде тани бастауы, медицина ғылымдары ғалымдарының, тұлғаның өмір сүру сапасының деңгейін анықтауды жүзеге асыратын сауалнамаларды құрастыруына қызығушылығын тудырды. SF-36 сауалнамасын Еуропа мемлекеттері үшін сенімділіктен өткізу үшін, Еуропалық Одақтың әр мемлекетінің осы саладағы ізденушілерімен біріге отырып, аталмыш сауалнаманың әр елдің жергілікті тұрғындары үшін бейімділігін, және ұлттық ерекшеліктері ескерілген аударма нұсқасын жасау арқылы, өмір сүру сапасын бағалауда елеулі зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Алғаш рет, SF-36 сауалнамасын пайдаланып Түркістан қаласы тұрғындарының жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары (ЖҚЖА) бойынша қауіптілік көрсеткішіне байланысты өмір сүру сапасының бағалану деңгейін анықтаған.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі жүрек-қан тамыр жүйесінің аурулары қазіргі заманғы медицинаның маңызды және өсіп келе жатқан проблемасы болып табылады. Жылдан жылға жүрек-қан тамыр жүйесінің аурулары бар науқастардың саны артып келеді және өлім-жітім бойынша әлемде бірінші орында. Алғаш рет, өмір сүру сапасын анықтаушы SF-36 (Қысқа үлгі-36) сауалнамасының қазақша нұсқасының сенімділіктен (валидизациядан) өткізілуі және қазақ популяциясы үшін бейімделген.

Бірінші рет, халықаралық деңгейде мойындалған жүрек-қан тамыр жүйесі ауруларының қауіптілігін анықтаушы құралы ретінде қолданылатын SCORE, PROCAM және Framingham қауіптілік шкалаларының диагностикалық құндылығына, 10 жылдық динамика негізіндегі, талдамасы жасалған. Жүрек-қан тамыр ауруларының қауіптілік факторларымен сипатталатын, анықталынбаған қант диабеті мен предиабеттік мәртебедегі зерттелушілер арасында, инсулинге төзімділік және β -жасушалары қызметтілігінің бұзылыстарына байланысты кластеризация талдамасының қолданылуы бойынша алғашқы жұмыстар жүргізілген.

Өмір сүру сапасының деңгейін анықтаушы құрал – SF-36 сауалнамасының қазақша нұсқасының сенімділіктен өткен (валидизирленген) үлгісін ҚР ДСМ және денсаулық сақтау басқармаларына ұсыну; ҚР тұрғындарының өмір сүру сапасын анықтау үшін медицина қызметкерлеріне көмекші құрал ретінде қолданылуға берілуі; халықаралық деңгейде мойындалған SCORE, PROCAM және Framingham қауіптілік шкалаларының жүрек-қан тамыр жүйесі ауруларының қауіптілігін анықтаудағы диагностикалық дәлділігін салыстырып, және баға беріп, денсаулық сақтау саласындағы алгоритмдер, хаттамалар мен

алдын алу шараларында айқын қолдануға болатын, расталған көмекші шкалалар ретінде айқындап, қолданыс сенімділігі мен аясын кеңейту; ЖҚЖА-ның қауіптілік көрсеткіштеріне байланысты қант диабеті бойынша топтардың қауіп факторлары арасындағы кластеризациялық бөлінудің қарапайым жолдарын құру арқылы, емдік шаралардың ұйымдастырылу үрдістерін оңтайландыру.

Сонымен, Саруаров Ерболат Ғалымжанұлының «Түркістан қаласы тұрғындарының жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары бойынша қауіптілік көрсеткішіне байланысты өмір сүру сапасының бағалану деңгейі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өз бетінше орындалған, аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Диссертациялық жұмыс 8D10110-«Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді және ресми қорғауға ұсынылуға лайықты.

**Отандық ғылыми кеңесші,
м.ғ.к., қауымдастырылған профессор**



А. Гайпов